

ӘӨЖ 374.1  
МРНТИ 14.37.29  
DOI 10. 56525/VXBJ9611

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ЭВТАГОГИКАНЫҢ (ХЫЮТАГОГИКА) ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сагадатов Р.Т.<sup>1</sup>, Мейірханова А.А.<sup>1</sup>, Сағиева А.<sup>1</sup>, Рән Ш.А.<sup>1</sup>

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті<sup>1</sup>, Ақтөбе қ., Қазақстан  
e-mail: raibek.sagadotov.94@mail.ru, aidon1395@mail.ru, akerke\_amantai@mail.ru, ran.shynar@zhubanov.edu.kz

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазіргі заманғы цифрлық қоғам жағдайында білім беру жүйесінің өзгерістерге бейімделу қажеттілігі қарастырылады. Цифрландыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы және жасанды интеллекттің жаппай қолданысқа енуі білім беру жүйесіне өзгерістер мен жаңаша зерттеулерді талап етуде. Дәстүрлі педагогикалық тәсілдер заманауи оқушы мен студенттің қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмауы мүмкін, сондықтан да, білім алушының дербестігі мен жауапкершілігіне негізделген жаңа әдіснамалық бағыттар алдыңғы қатарға шығуда.

Соның ішінде эвтагогика ұғымы ерекше мәнге ие. Эвтагогика (heutagogy) – білім алушының дербестігіне, өзіндік бағытталуына және жауапкершілігіне негізделген оқыту тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдама білім алушының тек дайын ақпаратты меңгеруін емес, оны өз бетінше құрастыруын, рефлексия жасап тәжірибеде қолдануын басты қағида ретінде ұсынады. Ол дәстүрлі педагогика (балаларды оқыту) мен андрагогикадан (ересектерді оқыту) кейінгі жаңа деңгей ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында эвтагогиканың теориялық негіздері мен әдіснамалық ерекшеліктеріне әдебиетке шолу жасалып, оның білім беру жүйесіндегі орны айқындалады. Google Scholar және халықаралық ғылыми дереккөздерге жасалған талдау эвтагогика тақырыбы шетелдік ғылыми ортада кеңінен талқыланып жатқанын, ал ТМД мен Қазақстанда әлі де жаңа бағыт ретінде қалыптасу кезеңінде екенін көрсетті. Дегенмен, отандық зерттеулер эвтагогиканың негізгі қағидаттарын – білім алушының дербестігі, өзіндік бағытталуы, мотивациясы мен рефлексиясын – айқындап, оны білім берудің инновациялық әдіснамалық негізі ретінде қарастыруға болатындығын алға тартады.

Эвтагогика заманауи цифрлық қоғам талаптарымен үйлесімді, себебі ол білім алушылардың жеке оқу траекториясын құруына, цифрлық ресурстарды тиімді қолдануына, өзіндік бағалау арқылы жетістіктерін қадағалауға жағдай жасайды. Бұл тәсіл XXI ғасыр адамына қажет мета-дағдылар мен soft skills қалыптастыруға ықпал етіп, lifelong learning тұжырымдамасын жүзеге асырудың маңызды тетігіне айналуға. Сонымен қатар, эвтагогика тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға, білімді үздіксіз жаңартуға және кәсіби бейімделу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы қорытынды ретінде, эвтагогика қазіргі білім беру жүйесінің теориялық және практикалық деңгейінде инновациялық бағыт болып табылады. Оның артықшылықтары дәстүрлі педагогика мен андрагогикадан өзгеше, себебі басты назар білім алушының белсенділігіне, дербестігіне және өзін-өзі дамытуына аударылады.

Зерттеу барысында эвтагогиканың теориялық негіздері, даму тарихы және оның педагогикалық ғылымдағы орны талданды. Әдебиетке жасалған шолу нәтижесінде эвтагогиканың халықаралық ғылыми ортада кеңінен қолданылып келе жатқанын ескеріп, педагогикалық ғылымда тереңірек қарастырудың қажеттілігін, оның цифрлық дәуірдегі білім беру үдерісін жетілдіруге қосатын үлесінің зор екенін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** Эвтагогика, андрагогика, білім алушының дербестігі, lifelong learning (өмір бойы оқу), цифрлық қоғам, білім берудегі инновациялар.

### **Кіріспе.**

Қазіргі қоғамда әлемдік білім беру жүйесі үздіксіз өзгерістер мен жаңашылдықтарды қажет етеді. Бұған дәлел ретінде цифрландыру, ақпараттың жылдам таралуы, жасанды интеллекттің барлық салада жаппай қолданылуы сияқты факторларды атауға болады. Сонымен қатар қоғамдағы өзгерістерді зерттеген америкалық әлеуметтанушы, философ әрі футуролог Элвин Тофлер өркениет дамуының толқындары туралы тұжырымдамасын ұсынған. Тофлердің пікірінше, адамзат тарихында қоғам өміріне түбегейлі өзгерістер әкелген бірнеше өркениеттік толқындар бар: бірінші аграрлық толқын (жерге негізделген өндіріс), екінші индустриялық толқын (шикізат пен тауар нарықтары), үшінші ақпараттық толқын (ақпарат негізгі өнім ретінде). Ал қазіргі кезеңде ғалымдар төртінші – цифрлық толқын басталғанын атап өтеді, мұнда басты өнім цифрлық ресурстар мен технологиялар болып табылады. Осы цифрлық толқындағы адамдарды оқыту мен үйрену мәселесі дәстүрлі педагогикалық тәсілдердің жаңа әдіснамалық бағыттармен толықтырылуын талап етеді [1].

Осы тұрғыда педагогикалық ғылымда эвтагогика ұғымы алдыңғы қатарға шығып отыр. Эвтагогика (heutagogy) – адамның өзіндік білім алуына, оқыту процесіндегі дербестігі мен жауапкершілігіне негізделген оқыту тұжырымдамасы. Бұл ұғым алғаш рет С. Хейс пен К. Кенъон еңбектерінде ғылыми негізделіп, дәстүрлі педагогика (балаларды оқыту) мен андрагогикадан (ересектерді оқыту) кейінгі жаңа деңгей ретінде қарастырылды [2]. Эвтагогиканың негізгі мақсаты – білім алушының дайын білімді игеруімен ғана шектелмей, оны өз бетімен құрастыруы, рефлексия жасап, тәжірибеде қолдана білуі. Кейіннен бұл бағытты Дж. Блашке және басқа зерттеушілер дамытып, эвтагогиканың білім алушының дербестігі мен өмір бойы оқу дағдыларын қалыптастырудағы маңызын айқындады [3].

Бұл мақалада біз педагогикалық ғылымдағы эвтагогиканың теориялық негіздері мен әдістемелік ерекшеліктерін ғылыми-теориялық тұрғыдан әдебиетке шолу арқылы талдауды мақсат еттік. Эвтагогика ұғымының пайда болуы мен даму тарихы, оның педагогика мен андрагогикадан айырмашылығы, білім алушының дербестігі мен өмір бойы оқуға ұмтылысын қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, заманауи цифрлық қоғам жағдайында эвтагогиканың маңызы мен оны білім беру жүйесіне енгізудің әдістемелік қырлары талданды.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Бұл зерттеуде біз эвтагогиканың педагогикалық ғылымдағы теориялық негіздері мен әдістемелік ерекшеліктерін ашу үшін әдебиетке шолу әдісін қолдандық. Әдебиетке шолу – зерттеу жұмысын ұйымдастырудағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Ол тақырып бойынша бұрын жүргізілген ғылыми еңбектерді жинақтап, талдау арқылы зерттеу нысанының теориялық негізін анықтауға мүмкіндік береді. Сағынтаева А., Қамбатырова Ә., Қарабасова Л., Қанай Г., Әлмұхамбетова А. (2022) еңбегінде атап өтілгендей, әдебиетке шолу зерттеудің түйінді деректерін қалыптастыру, теориялық ұстанымдарды жүйелеу және тақырыптық материалдарды саралау үшін қажетті практикалық қадам болып табылады. Авторлар әдебиетке шолу зерттеу тақырыбының теориялық және әдіснамалық негізін құруға көмектесетінін, сондай-ақ зерттеушінің өзіндік ғылыми позициясын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді [4]. Ғылыми әдебиетке шолу барысында біз, ең алдымен, эвтагогиканың ұғымдық аппараты мен оның педагогика және андрагогикадан айырмашылығын айқындауға назар аудардық. Бұл ретте шетелдік және ТМД елдері ғалымдарының еңбектерімен қатар, отандық зерттеушілердің ғылыми еңбектері де кешенді түрде зерделенді.

*Эвтагогика ұғымының ғылыми ортада таралуы (Google Scholar талдауы).* Эвтагогика ұғымының ғылыми ортада таралу деңгейін анықтау үшін біз Google Scholar академиялық іздеу жүйесінде көптілді іздеу жүргіздік. Ағылшын тілінде ұғым “Heutagogy” терминімен белгіленеді, ал орыс және қазақ тілдерінде екі жазылым нұсқасы қатар қолданылады: «хьютагогика» және «эвтагогика». Google Scholar деректеріне сүйенсек (іздеу күні: 07.08.2025), 2025 жылы ағылшын тіліндегі «Heutagogy» термині шамамен 40 мақаланың атауында тіркелген. Негізгі тақырыптар: «Heutagogy and lifelong learning»,

«Digital age and self-determined learning», «Heutagogical practices in online education», «Learner autonomy in higher education», «Self-determined learning in workplace settings» және т.б.

Орыс және қазақ тілдеріндегі іздеулер бойынша (екі жазылым нұсқасын жиынтық есептеу):

«хьютагогика»: 2024 жылы — 25 мақала, 2025 жылы — 5 ғылыми еңбек;

«эвтагогика»: 2024 жылы — 17 мақала, 2025 жылы — 3 ғылыми еңбек.

Бұл көрсеткіштер ТМД және Қазақстан ғылыми кеңістігінде ұғымның әлі де жаңа екендігін және терминологиялық вариативтіліктің (екі нұсқаның қатар жүруі) сақталып отырғанын көрсетеді.

*Хьютагогика қағидаттары.* Эвтагогика (хьютагогика) ұғымын ашуда оның негізгі қағидаттарына ерекше назар аудару қажет. Зерттеушілер Тобылов К.Т. мен Молдағалиева Н.Д. еңбегінде («Андрагогика мен хьютагогикадағы Hard және Soft skills ерекшеліктері») хьютагогиканың келесі қағидаттарын атап көрсетеді:

1. Нені және қашан үйрену керектігін ересек адам өзі шешеді, яғни оқыту мүмкіндігінше ерікті сипатқа ие;

2. Оқытуда нысаны, көрсетілімі, қолжетімділігі және ұзақтығы шешуші мәнге ие, осыған сәйкес білімді жеңілдету, құрылымдау және жинақтау қажеттілігі туындайды;

3. Мотивация (сыртқы энергия) маңызды рөл атқарады. Адам жаңа білімнен бөлек қолдауды және қосымша эмоционалды ынталандыруды қажет етеді. Студенттер көбіне белгілі бір білімді меңгерудің күрделілігін жете бағаламайды [4].

Бұл қағидаттар эвтагогиканың дәстүрлі педагогика мен андрагогикадан айырмашылығын нақтылай түседі. Эвтагогикалық тәсілде білім беру процесінің орталығына оқытушы емес, білім алушының өзі қойылады.

Негізгі әдебиеттер ағылшын тілінде жарық көрген. Әдебиетке шолу барысында ағылшын тіліндегі түпнұсқа мақалалар оқылып, талданды. Осы талдау негізінде төмендегі кесте жасалды. Кестені рәсімдеу кезінде түпнұсқа мәтіндерді қазақ тіліне аудару үшін жасанды интеллект құралдары пайдаланылды.

| Зерттеу бөлігі және жарияланым күні                                   | Фокус                                                                       | Нәтижелер / Негізгі мәселелер                                                      | Әдіснама                                               |
|-----------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|
| Abraham, R. R., & Komattil, R. (2017). <i>Medical Teacher</i> , 39(3) | Хьютагогикалық тәсіл арқылы қабілетті білім алушыларды дамыту               | Хьютагогика студенттердің қабілетін ашуға, өзіндік оқуға ынталандыруға ықпал етеді | Медициналық білім беру контексінде тәжірибелік зерттеу |
| Alnofaie, S. F. (2023). <i>Brunel University London</i>               | Студенттердің хьютагогикалық оқуға қабілеттілігі және цифрлық технологиялар | Цифрлық технологиялар студенттердің өзіндік оқуға қабілеттілігін арттырады         | Сауалнама, эмпирикалық зерттеу                         |
| Daniel, N. B. (2021). <i>Mid-America Baptist Theological Seminary</i> | Хьютагогика және өмір бойы оқу                                              | Өзін-өзі анықтау тәжірибесінің қиындықтары көрсетілген                             | Теориялық талдау                                       |
| Hase, S., & Kenyon, C. (2000). <i>Ulti-BASE In-Site</i>               | Андрагогикадан хьютагогикаға көшу                                           | Хьютагогиканы алғаш ғылыми айналымға енгізді                                       | Теориялық ұстаным                                      |
| Lock, J. et al. (2021). <i>British Journal of</i>                     | Технологияға негізделген өмір бойы оқыту: хьютагогикалық                    | Цифрлық құралдар арқылы өмір бойы оқуды қолдау жолдары                             | Әдебиеттерге шолу, концептуалды                        |

| <i>Educational Technology, 52(4)</i>                                       | тәсіл                                                   |                                                                         | модель                  |
|----------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
| Malykhin, O., & Aristova, N. (2022)                                        | Болашақ мұғалімдердің өзіндік оқу дағдыларын дамыту     | Хьютагогикалық тәсіл студенттердің автономды оқуын қалыптастырады       | Әдістемелік эксперимент |
| Msila, V. (2020). <i>The International Journal of Humanities Education</i> | Хьютагогика және оқыту: бостандыққа бағытталған әдістер | Студенттің еркіндігіне, жауапкершілігіне негізделген оқытуды сипаттайды | Теориялық талдау        |
| Stoten, D. W. (2020). <i>Adult Learning, 31(4)</i>                         | Практикалық хьютагогика: менеджменттегі дараланған оқу  | Менеджмент саласында хьютагогиканың тиімділігі көрсетілген              | Кейс-стади              |

Жалпы алғанда, әдебиеттерге жасалған талдау хьютагогиканың қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды орын алып келе жатқанын көрсетті. Әсіресе ағылшын тіліндегі ғылыми мақалаларда бұл ұғым кеңінен зерттеліп, медициналық білім беру, жоғары оқу орындары, шетел тілін үйрету және бизнес-білім беру салаларында қолданылуда.

Хьютагогика студенттердің автономды оқу дағдыларын дамытып, өмір бойы білім алуға ынталандырушы әдіс ретінде танылды. Сонымен бірге, цифрлық технологиялар хьютагогикалық тәсілдердің тиімділігін арттырып, оқыту процесін дараландыруға мүмкіндік береді. Қазақ және орыс тілдеріндегі жарияланымдар саны аз болғанымен, оларда да хьютагогиканың теориялық және әдістемелік негіздері талқыланып келе жатыр [5,6,7].

Бұл зерттеу нәтижелері хьютагогиканы отандық білім беру жүйесіне енгізу үшін теориялық және практикалық негіздің бар екенін көрсетеді.

ТМД елдерінде эвтагогика (хьютагогика) саласының талдағандардың бірі А.С. Саргсян (Ереван, Армения). Автордың пайымдауынша, эвтагогиканың басты қағидаттарының бірі – өзіндік бағытталу. Мұнда білім алушы өзінің оқу траекториясын өзі құрастырады, яғни дәстүрлі педагогикадағыдай мұғалім емес, студент оқу процесінің негізгі ұйымдастырушысына айналады. Сонымен қатар, дербестік пен еркіндік қағидаты ерекше мәнге ие: студент оқу барысында уақытын, ресурстарын, тәсілдерін өзі таңдайды, бұл оның жауапкершілік пен тәуелсіз шешім қабылдау қабілетін арттырады. Эвтагогикалық оқытудың тағы бір маңызды тұсы – рефлексия, яғни білім алушы өз жетістіктерін үнемі саралап, даму деңгейін бағалап отырады. Бұған қоса, мотивация мен жауапкершілік қағидаты алдыңғы қатарға шығады: сыртқы бақылаудан гөрі, білім алушының ішкі ынтасы мен дербес жауапкершілігі маңыздырақ болады. Осы аталған қағидаттар студенттерді өмір бойы оқуға бейімдеп, ХХІ ғасыр адамына қажетті soft skills қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеуде андрагогика мен эвтагогиканың айырмашылығы нақты салыстырмалы тұрғыда көрсетілген. Андрагогикада мұғалім бағыттаушы рөл атқарып, оқу процесін ұйымдастырады, ал эвтагогикада студент толық орталыққа шығып, өзін-өзі оқытушы тұлғаға айналады. Андрагогика ересектердің тәжірибесіне сүйенуді басым етсе, эвтагогика білімді тек тәжірибе арқылы емес, өзіндік ізденіс пен шығармашылық негізінде құруға бағдарлайды. Сондай-ақ, андрагогика нақты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталса, эвтагогика оқуды үйренуге, мета-дағдыларды дамытуға көбірек назар аударады. Автор бұл салыстыру арқылы эвтагогиканы педагогикалық ғылымның жаңа даму сатысы ретінде тұжырымдайды.

Сонымен қатар, эвтагогиканың ерекшеліктері де айқындалған. Оның ішінде ең алдымен икемділік атап өтіледі: оқу жоспары қатаң емес, білім алушының қызығушылығы мен қажеттіліктеріне қарай өзгеріп отырады. Әр студенттің өз жолын құруына мүмкіндік беретін жеке траектория қағидаты да ерекше мәнге ие. Бүгінгі заманауи білім беру үрдісінде цифрлық технологияларды пайдалану эвтагогикалық тәсілдің маңызды құрамдас бөлігі

болып табылады, себебі онлайн-платформалар мен цифрлық құралдар дербес оқуды жеңілдетеді. Бұған қоса, студенттің өз жетістігін өзі саралап, мақсаттарын қайта қарастырып отыруын қамтамасыз ететін өзіндік бағалау қағидаты да назардан тыс қалмайды [8].

Жалпы алғанда, мақалада көрсетілген ойлар эвтагогиканың дәстүрлі педагогикалық тәсілдерден сапалық тұрғыда өзгеше екендігін дәлелдейді. Ол білім алушының дербестігіне, жауапкершілігіне және өзін-өзі дамыту қабілетіне сүйене отырып, білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастырады.

Мерецков О.В. өзінің «Эвтагогика как новое направление педагогической науки» атты мақаласында эвтагогиканың (хьютагогика) теориялық негіздері мен әдістемелік ерекшеліктерін жүйелі түрде талдайды. Автор андрагогика мен эвтагогика арасындағы басты айырмашылықтарды ашып көрсетіп, эвтагогиканың теориялық іргетасы ретінде дербестік, өзіндік бағытталу, рефлексия және мотивация қағидаларын бөліп көрсетеді. Ол бұл бағытты ХХІ ғасырдағы білім берудің жаңа парадигмасы ретінде қарастырады және эвтагогиканың lifelong learning пен soft skills қалыптастырудағы маңызын дәлелдейді.

Әдістемелік тұрғыда, Мерецков эвтагогиканың басты ерекшелігін оқу процесін икемді ұйымдастыруда көреді: студенттер өз оқу траекториясын дербес құрады, цифрлық технологияларды белсенді пайдаланады және жетістіктерін өздері бағалайды. Мұндай тәсіл дәстүрлі оқытудағы тәжірибені меңгерумен шектелмей, шығармашылық ізденіске, өзін-өзі басқаруға және жауапкершілікті арттыруға негізделеді. Автордың пікірінше, эвтагогикалық әдістемелер заманауи білім беруде дербес оқытуды дамытудың негізгі бағыты болып табылады [9].

### **Қорытынды.**

Бүгінгі таңдағы цифрландыру, жасанды интеллект пен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру жүйесінен жаңа әдіснамалық шешімдерді қажет етеді. Осы тұрғыда эвтагогика білім алушының дербестігі мен өмір бойы үздіксіз оқуға ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған заманауи ғылыми тұжырымдама ретінде ерекшеленеді. Ол дәстүрлі педагогика мен андрагогикадан айырмашылығы – дайын білімді игерумен шектелмей, білімді өз бетімен құрастыруға, рефлексия жасап, тәжірибеде қолдануға басымдық беруінде. Демек, эвтагогика цифрлық қоғам жағдайында тұлғаның өзін-өзі дамытуына, білімін үнемі жаңартып отыруына мүмкіндік беретін тиімді әдіснамалық бағыт болып табылады.

Жоғарыда жүйелі жүргізілген әдебиетке шолу эвтагогиканың педагогикалық ғылымдағы орны әлі де қалыптасу кезеңінде екенін, алайда оның теориялық және әдіснамалық әлеуетінің жоғары екенін көрсетті. Google Scholar деректеріне жасалған талдау эвтагогика ұғымының халықаралық ғылыми ортада кеңінен тарала бастағанын, ал ТМД және Қазақстанда терминологиялық вариативтілік сақталғанымен, тақырыпқа деген қызығушылықтың артып келе жатқанын айқындады. Зерттеу барысында анықталған эвтагогиканың қағидаттары – білім алушының дербестігі, оқу процесінің еріктілігі, құрылымдылық пен мотивацияның маңыздылығы – дәстүрлі педагогика мен андрагогикадан өзгеше жаңа парадигманың қалыптасып жатқанын дәлелдейді.

Нақтыласақ, эвтагогика – білім алушының дербестігіне, өзіндік бағытталуына және өмір бойы оқуға ұмтылысына негізделген жаңа педагогикалық тұжырымдама. Ол цифрлық қоғам жағдайында дәстүрлі педагогикалық тәсілдерді толықтырып, жеке оқу траекториясын құруға, рефлексия мен soft skills дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі цифрлық қоғам талаптарына сай білім берудің инновациялық бағыты ретінде ғылыми тұрғыдан негізделіп, отандық және халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданыс табуы қажет өзекті тұжырымдама болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоффлер Э. Үшінші толқын. – 2004; HI-TECH Forum. (2021). Э. Тоффлердің өркениет толқындары. URL: <https://www.imena.ua/blog/third-wave/>
2. Hase, S., & Kenyon, C. (2000). From Andragogy to Heutagogy. *Ultibase Articles*, RMIT University.
3. Blaschke, L. M. (2012). Heutagogy and lifelong learning: A review of heutagogical practice and self-determined learning. *The International Review of Research in Open and Distance Learning*, 13(1), 56-71.
4. Тобылов, К.Т., Молдағалиева, Н.Д. Андрагогика мен хьютагогикадағы Hard және Soft skills ерекшеліктері. Қарағанды университеті Хабаршысы, 2024, №3. URL: <https://press.ksu.edu.kz/files/vestnik/2024-3.compressed.pdf#page=136>
5. Hase, S., & Kenyon, C. (2000). From andragogy to heutagogy. *Ulti-BASE In-Site*.
6. Abraham, R. R., & Komattil, R. (2017). Heutagogy: A learner-centred approach to learning. *Medical Teacher*, 39(3), 295-299.
7. Lock, J., Budgen, F., & Loken, M. (2021). Technology-enabled heutagogy and lifelong learning. *British Journal of Educational Technology*, 52(4), 1643-1656.
8. Куликова, И. В. Принципы и особенности развития эвтагогики как области педагогической науки. *Мир науки, культуры, образования*, №4 (101), 162-164.
9. Мерецков, О.В. Эвтагогика как новое направление педагогической науки. *Вестник науки и образования*, №3 (136), 112-118. [https://flagmannauki.ru/files/314-Meretskov\\_Oleg\\_Vadimovich\\_1504.pdf](https://flagmannauki.ru/files/314-Meretskov_Oleg_Vadimovich_1504.pdf)

## REFERENCES:

1. Toffler, A. (2004). *The Third Wave*. HI-TECH Forum. (2021, March 19). *Waves of Civilization by A. Toffler*. Retrieved August 28, 2025, from <https://www.imena.ua/blog/third-wave/>
2. Hase, S., & Kenyon, C. (2000). From andragogy to heutagogy. *Ultibase Articles*. RMIT University.
3. Blaschke, L. M. (2012). Heutagogy and lifelong learning: A review of heutagogical practice and self-determined learning. *The International Review of Research in Open and Distance Learning*, 13(1), 56–71.
4. Tobylov, K. T., & Moldagaliyeva, N. D. (2024). Features of hard and soft skills in andragogy and heutagogy. *Bulletin of Karaganda University*, 3, 136–144. Retrieved from <https://press.ksu.edu.kz/files/vestnik/2024-3.compressed.pdf#page=136>
5. Hase, S., & Kenyon, C. (2000). From andragogy to heutagogy. *Ulti-BASE In-Site*.
6. Abraham, R. R., & Komattil, R. (2017). Heutagogy: A learner-centred approach to learning. *Medical Teacher*, 39(3), 295-299.
7. Lock, J., Budgen, F., & Loken, M. (2021). Technology-enabled heutagogy and lifelong learning. *British Journal of Educational Technology*, 52(4), 1643-1656.
8. Kulikova, I. V. (2021). Principles and features of the development of eutagogy as a field of pedagogical science. *World of Science, Culture, and Education*, 4(101), 162–164.
9. Meretskov, O. V. (2021). Eutagogy as a new direction in pedagogical science. *Bulletin of Science and Education*, 3(136), 112–118. Retrieved from [https://flagmannauki.ru/files/314-Meretskov\\_Oleg\\_Vadimovich\\_1504.pdf](https://flagmannauki.ru/files/314-Meretskov_Oleg_Vadimovich_1504.pdf)

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЭВТАГОГИКИ (ХЬЮТАГОГИКИ) В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУКАХ

Сагадатов Р.Т.<sup>1</sup>, Мейірханова А.А.<sup>1</sup>, Сагиева А.<sup>1</sup>, Рэн Ш.А.<sup>1</sup>

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова<sup>1</sup>, г. Актобе, Казахстан  
e-mail: [raibek.sagadatov.94@mail.ru](mailto:raibek.sagadatov.94@mail.ru), [aidon1395@mail.ru](mailto:aidon1395@mail.ru), [akerke\\_amantai@mail.ru](mailto:akerke_amantai@mail.ru),  
[ran.shynar@zhubanov.edu.kz](mailto:ran.shynar@zhubanov.edu.kz)

**Аннотация.** В данной статье рассматривается необходимость адаптации системы образования к изменениям в условиях современного цифрового общества. Цифровизация, стремительное развитие информационно-коммуникационных технологий и широкое внедрение искусственного интеллекта требуют трансформации и новых направлений исследований в образовательной сфере. Традиционные педагогические подходы могут не в полной мере удовлетворять потребности современных школьников и студентов, поэтому на первый план выходят новые методологические направления, основанные на самостоятельности и ответственности обучающегося.

Особое значение среди них приобретает эвтагогика. Эвтагогика (heutagogy) – это концепция обучения, базирующаяся на автономии, самоопределении и ответственности обучающегося. Данная концепция предполагает не только усвоение готовой информации, но и её самостоятельное конструирование, рефлексию и практическое применение. Она рассматривается как новый этап развития после педагогики (обучение детей) и андрагогики (обучение взрослых).

В ходе исследования был проведён обзор литературы по теоретическим основам и методологическим особенностям эвтагогики, определено её место в системе образования. Анализ Google Scholar и международных научных источников показал, что тема эвтагогики широко обсуждается в зарубежной научной среде, тогда как в странах СНГ и Казахстане она находится на этапе становления. Тем не менее отечественные исследования позволяют выделить её ключевые принципы – автономию обучающегося, самоориентацию, мотивацию и рефлексию, что даёт возможность рассматривать эвтагогику как инновационную методологическую основу образования.

Эвтагогика гармонично сочетается с требованиями современного цифрового общества, так как обеспечивает создание индивидуальных образовательных траекторий, эффективное использование цифровых ресурсов, а также самоконтроль и самооценку достигнутых результатов. Такой подход способствует формированию метакомпетенций и soft skills, необходимых человеку XXI века, и становится важным механизмом реализации концепции lifelong learning (обучение на протяжении всей жизни). Кроме того, эвтагогика раскрывает творческий потенциал личности, способствует непрерывному обновлению знаний и развитию способности к профессиональной адаптации.

Таким образом, эвтагогика является инновационным направлением как на теоретическом, так и на практическом уровнях современного образования. Её преимущества по сравнению с традиционной педагогикой и андрагогикой заключаются в акценте на активности, самостоятельности и саморазвитии обучающегося.

Результаты исследования показали, что эвтагогика, её теоретические основы, история развития и место в педагогической науке заслуживают более глубокого изучения. Проведённый обзор литературы подтвердил необходимость её дальнейшего исследования и доказал значительный вклад эвтагогики в совершенствование образовательного процесса в условиях цифровой эпохи.

**Ключевые слова:** Эвтагогика, андрагогика, автономия обучающегося, lifelong learning (обучение на протяжении всей жизни), цифровое общество, инновации в образовании.

## THEORETICAL FOUNDATIONS AND METHODOLOGICAL FEATURES OF HEUTAGOGY IN PEDAGOGICAL SCIENCES

Sagadatov R.<sup>1</sup>, Meiirkhanova A.<sup>1</sup>, Sagiyeva A.<sup>1</sup>, Ran Sh.<sup>1</sup>,

Aktobe Regional University named after K. Zhubanova<sup>1</sup>, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: [raibek.sagadatov.94@mail.ru](mailto:raibek.sagadatov.94@mail.ru), [aidon1395@mail.ru](mailto:aidon1395@mail.ru), [akerke\\_amantai@mail.ru](mailto:akerke_amantai@mail.ru),  
[ran.shynar@zhubanov.edu.kz](mailto:ran.shynar@zhubanov.edu.kz)

**Abstract.** This article examines the necessity of adapting the education system to changes within the modern digital society. Digitalization, the rapid development of information and communication technologies, and the widespread adoption of artificial intelligence demand transformation and new research directions in the field of education. Traditional pedagogical approaches may not fully meet the needs of today's students and learners; therefore, new methodological approaches, based on learner autonomy and responsibility, are coming to the forefront.

Among these, the concept of heutagogy holds particular significance. Heutagogy is a learner-centered educational approach grounded in autonomy, self-directedness, and responsibility. This concept emphasizes not only the acquisition of ready-made information, but also its independent construction, reflection, and application in practice. It is considered a new stage of development following pedagogy (teaching children) and andragogy (teaching adults).

The study involved a literature review of the theoretical foundations and methodological characteristics of heutagogy, identifying its place within the educational system. An analysis of Google Scholar and international academic sources revealed that heutagogy is widely discussed in the global scholarly community, whereas in the CIS countries and Kazakhstan it is still at a formative stage. Nevertheless, domestic research highlights its key principles—learner autonomy, self-direction, motivation, and reflection—allowing heutagogy to be regarded as an innovative methodological foundation of education.

Heutagogy aligns with the requirements of the modern digital society, as it enables learners to build individual learning trajectories, effectively use digital resources, and monitor progress through self-assessment. This approach fosters the development of meta-skills and soft skills essential for the 21st century, and it becomes a crucial mechanism for implementing the lifelong learning concept. Moreover, heutagogy enhances creativity, ensures continuous knowledge renewal, and strengthens professional adaptability.

In conclusion, heutagogy represents an innovative direction in modern education, both theoretically and practically. Its advantages, compared to traditional pedagogy and andragogy, lie in its focus on learner activity, independence, and self-development.

The study demonstrated that heutagogy, its theoretical foundations, historical development, and place in pedagogical science deserve more in-depth exploration. The literature review confirmed the need for further research and proved the significant contribution of heutagogy to improving the educational process in the digital era.

**Keywords:** Heutagogy, andragogy, learner autonomy, lifelong learning, digital society, educational innovations.